29 қараша
МӘСЛИХАТТАР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫ
ВЫБОРЫ ДЕПУТАТОВ МАСЛИХАТОВ



КІТАП ОҚЫП, СЫЙАҚЫ АЛ!

6-БЕТ | КІТАПҚҰМАР



ӨЗАҒАҢНЫҢ ҚАЙШЫСЫ

7-БЕТ | РУХАНИЯТ

№131
(5029)
Бейсенбі
5 қараша
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ЖАҢА ӘУЕЖАЙ САЛЫНАДЫ

Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин Үкімет отырысында елімізде салынатын жаңа әуежайлардың құрылыстары туралы айтты.

«2027 жылдың мамыр айында Зайсан, Катонқарағай және Кендірлі қалаларындағы жаңа әуежайларды пайдалануға беру жоспарланған. Ал 2027 жылдың маусымында Астанада ірі халықаралық компанияны тарта отырып, жаңа әуежайдың құрылысы басталады. Сонымен қатар 2027 жылдың соңына дейін Бақты – Аягөз теміржол желісін пайдалануға беру көзделген. Бұл Қазақстанды Еуразияның көлік-логистикалық хабына айналдыру бағытындағы жүйелі жұмыстың бір бөлігі болады» деді Ұлттық экономика министрлігінің басшысы.

КӨЛІК АРЗАНДАУДА

Қазақстанда өндірілген автокөліктердің бағасы төмендеп келеді. Қараша және желтоқсан айларында қазақстандық көлік өндірушілер тарапынан қосымша жеңілдіктер ұсынылуы мүмкін. Бұл туралы Өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаев мәлім етті.

«Елімізде өндірілген автокөліктердің бағасы арзандап жатыр. Менің білуімше, соңғы айларда баға шамамен 11 пайызға төмендеді. Қазір автокөліктердің бағасы бұрынғыдан шамамен 10 пайызға арзан, оған қоса түрлі акциялар да бар. Жыл соңына жақындаған сайын биыл шығарылған модельдер ескіре бастайды, яғни, тұтынушылар 2027 жылғы көліктерді сатып алуға тырысады. Сондықтан жеңілдіктер болатыны түсінікті. Меніңше, бағалар әлі де төмендейді» деді Ерсайын Нағаспаев.



Фото paparazzi club

ЕЛОРДА – СПОРТ ҚАЛАСЫ

Астана бұқаралық және кәсіби спортпен шұғылдануға қолайлы қалаға айналып отыр. Бүгінде бас қаланың 600 мыңнан астам тұрғыны, яғни халықтың 43,6 пайызы дене шынықтырумен және спортпен тұрақты түрде айналысады. Сондай-ақ 800-ден астам спорт нысаны, оның ішінде 36 ірі спорт кешені жұмыс істейді.

7-8 ҚАРАША

СОҒЫМ FEST

Астанада Ақмола, Абай, Қарағанды, Павлодар және басқа да облыстардан келетін фермерлік шаруашылықтардың қатысуымен ауқымды «Соғым-FEST» ет жәрмеңкесі басталады. Жәрмеңке аясында 1 000 тоннадан астам ет өнімін сату жоспарланып отыр.



Жәрмеңкелер әр демалыс күндері сағат 09:00-ден 19:00-ге дейін қаланың үш алаңында өтеді:

- Keruen Joly сауда орталығы – Алаш тасжолы, 35Б
- «Ет әлемі» сауда орталығы – Алаш тасжолы, 31/1
- Jurt сауда орталығы – Бейбарыс Сұлтан көшесі, 3.



ТЕГІН ҮЙІРМЕГЕ КЕЛІҢІЗ!

Астанада 23 мыңнан астам зейнеткер «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» мекемесіне тіркеліп, бос уақытын тиімді әрі пайдалы өткізуге мүмкіндік алып отыр.

Бүгінгі таңда «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» мекемесінің бөлімшелері елорданың алты ауданында іске қосылған. Бұл бөлімшелерге күн сайын 2,5 мыңнан астам адам келеді.

Қазір орталықта 20 бағыт бойынша тұрақты үйірмелер мен секциялар жұмыс істейді. Сонымен қатар қызығушылықтарына қарай 30-дан астам клуб бар.



Орталық елордалық зейнеткерлерді үйірмелерге, спорттық-сауықтыру секцияларына, білім беру курстарына тегін қатысуға шақырады. Әр адам өз қызығушылығы мен мүмкіндігіне қарай қалаған бағытын таңдай алады.

№131 (5029) 05/11/2026 Бейсенбі

АҚОРДА



ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫН ТАНЫСТЫРДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазатомөнеркәсіп» компаниясының басқарма төрағасын қабылдады. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ басқарма төрағасы Мейіржан Юсупов Президентке компанияның қазіргі қызметі және стратегиялық міндеттердің жүзеге асырылуы жөнінде баяндады.

Мемлекет басшысына уранның мемлекеттік стратегиялық қорын құру іс-шаралары жөнінде мәлімет берілді. Бүгінде компания жалпы ауданы 1 мың шаршы шақырымнан асатын алты учаскеде геологиялық барлау жұмыстарын жүргізіп жатыр. Сондай-ақ ауданы 124 шаршы шақырым болатын перспективті Қызылту учаскесін барлауды жоспарлап отыр.

«Қазатомөнеркәсіп» атом саласындағы жетекші әлемдік компаниялармен ынтымақтастықты дамытып, өткізу нарықтарын әртараптандыру арқылы халықаралық деңгейдегі позициясын нығайтып келеді. Биыл Үндістан мен Қытайдың ірі энергетикалық компанияларымен табиғи уран жеткізу жөнінде жаңа келісімшарттар жасалды. Қасым-Жомарт Тоқаевқа «Қазатомөнеркәсіптің» ядролық отын циклі саласындағы қызметі және 2025-2034 жылдарға арналған даму стратегиясына сай алдағы жұмыс жоспарлары туралы ақпарат ұсынылды.

Сонымен қатар Мейіржан Юсупов «Қазатомөнеркәсіптің» ғылыми-технологиялық әлеуетін дамыту туралы айтты. Компания уран өндірісінің тиімділігін арттыру және сирек әрі сирек кездесетін ілеспе металдарды алу технологиясын жетілдіру мақсатында ғылыми зерттеулер жүргізуде. Бұдан бөлек, компания биыл Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша жүзеге асырылып жатқан әлеуметтік және инфрақұрылымдық нысандар салудың ауқымды бағдарламасы аясында денсаулық сақтау, білім беру және спорт салаларындағы жобаларға 13 миллиард теңгеден астам қаржы бөлді.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы ресурстық базаны одан әрі дамыту, халықаралық ынтымақтастықты кеңейту және әлеуметтік бастамаларды іске асыру жөнінде бірқатар тапсырма берді.

NETWORK SCHOOL ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Network School негізін қалаушы Баладжи Шринивасанды қабылдады. Президент Network School жобасының Қазақстандағы технологиялық экожүйенің қалыптасуына қосқан үлесін жоғары бағалап, ынтымақтастықты нығайтуға дайын екенін жеткізді.



Қасым-Жомарт Тоқаев еліміз технологияны терең меңгерген көшбасшылардың жаңа буынын тәрбиелеу үшін білім, ғылым және цифрлық құзыретке белсенді инвестиция салып жатқанына назар аударды.

Осы орайда, Мемлекет басшысы жобаның негізін қалаушыға жуырдағы Жолдауында жарияланған «Халықтық құрылыс» бастамасы келешек ұрпаққа маңызды әрі шын мәнінде салмақты мұра қалдыруға мүмкіндік беретінін айтты. Бағдарлама аясында жаппай әлеуметтік инфрақұрылым нысандарын, соның ішінде мектептер, университеттер мен медицина мекемелерін салу жоспарланып отыр.

Қасым-Жомарт Тоқаев Астанада Network School Kazakhstan желісінің іске қосылуын және жобаның Қазақстан университеттерімен, стартаптарымен, сондай-ақ технологиялық кәсіпорындарымен серіктестікті кеңейту ниетін құптады. Сонымен қатар Президент Astana AI Film фестиваліне инвестициялық тұрғыдан қолдау көрсеткені үшін Баладжи Шринивасанға ризашылығын білдірді.

Network School негізін қалаушы Қазақстанда озық технологиялық шешімдер мен экономиканың дәстүрлі салалары үйлесім тауып отырғанын айрықша атап өтті. Баладжи Шринивасан Network School Kazakhstan жобасының басым бағыттарын таныстырды. Онда цифрлық шешімдерді ілгерілету, адам капиталын дамыту және инновациялық әзірлемелерді енгізуге қолайлы жағдай жасау көзделген.


Кездесу соңында Мемлекет басшысы еліміздегі жасанды интеллект пен инновацияны дамытуға қосқан үлесі үшін Баладжи Шринивасанды II дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады.

QAZAQGAZ-дың ЖОСПАРЫ ҚАНДАЙ?

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «QazaqGaz» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Әлібек Жамауовты қабылдады. Мемлекет басшысына ұлттық компания қызметінің 2026 жылғы нәтижелері және алдағы жылдарға арналған жоспары жөнінде есеп берілді.

Президентке тұрғындарды және ел экономикасын табиғи газбен қамтамасыз ету, сондай-ақ QazaqGaz ұлттық компаниясының 2026-2027 жылдардағы жылыту маусымына толық дайындығы туралы мәлімет ұсынылды.

Әлібек Жамауов Мемлекет басшысының геологиялық барлау жұмыстарын жандандыру жөніндегі тапсырмасына сәйкес, Шалқар, Саралжын, Малдыбай, Солтүстік-2, Солтүстік-1 және Аққұдық, Придорожное учаскелерінде жұмыс жүргізіліп жатқанын жеткізді. Қасым-Жомарт Тоқаевқа компанияның ірі инфрақұрылымдық жобаларын іске асыру барысы баяндалды. Қуаты жылына 1 миллиард текше метр көгілдір отын өңдеуге жететін Қашаған газ өңдеу зауытының құрылысы жалғасуда. Өндіріс нысанын пайдалануға беру мерзімі 2027 жылдың III тоқсанына жоспарланған. Бейнеу – Бозой – Шымкент магистральдық газ құбырының екінші желісін салу жобасы бойынша инженерлік жобалау, жабдықтар мен материалдарды сатып алу жұмыстары қолға алынып, құрылыс-монтаждау кезеңі басталды. Жылына 2,5 миллиард текше метр газ өңдеуге қауқарлы Қашаған газ өңдеу зауыты және жылына 5 миллиард текше метр газ өңдейтін Қарашығанақ газ өңдеу зауыты жобалары бойынша EPC-мердігерлер анықталды.



Сондай-ақ «QazaqGaz» ҰК» АҚ басқарма төрағасы салаға цифрлық шешімдер енгізу жөнінде ақпарат берді. Aqyl Energy бастамасы аясында жасанды интеллект пен деректерді талдау элементтерін қолдана отырып, газбен жабдықтауды есепке алу және басқару үдерісін цифрландыру жүзеге асырылып жатыр. Газды есепке алуға арналған 1,3 миллионнан астам аспап интеллектуалды есептегіштерге кезең-кезеңімен ауыстырылуда. Сонымен қатар Мемлекет басшысы ұлттық компанияның жоспарымен танысты. Соған сәйкес, солтүстік өңірлерге – Көкшетау және Петропавл қалаларына көгілдір отын жеткізу, газ-моторлы отын нарығын дамыту, Рудный қаласында жылына 50 мың тонна сұйытылған табиғи газ өндіретін аз тонналы зауыт салу, 4-ші жерасты газ қоймасының құрылысын жүргізу жұмыстары басталды. Кездесу соңында Президент жылыту кезеңінде тұрғындарды және экономиканы көгілдір отынмен тұрақты қамтамасыз ету, тауарлы газ қорын кеңейту бағытындағы жұмыстарды жалғастыруды тапсырды.

ҮКІМЕТ

ҚОР БАСШЫЛЫҒЫН СЫНҒА АЛДЫ

Премьер-министр Олжас Бектенов «Самұрық-Қазына» қоры директорлар кеңесінің отырысын өткізді. Жиынға Қордың 2026 жылғы 9 айдағы қызметінің қорытындылары, оның ішінде, негізгі қаржылық және өндірістік көрсеткіштер, отандық тауар өндірушілерді қолдау іс-шаралары қаралды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты Жолдауында ірі инвестициялық жобалардың уақтылы жүзеге асырылуын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттеріне назар аударылды.

Қордың басқарма төрағасы Нұрлан Жақыпов есепті кезеңдегі қызмет нәтижелері туралы баяндады. Қор кірісі 13%-ға, ал таза пайдасы 19%-ға өскен. Негізгі өндірістік көрсеткіштер бойынша жоспар орындалды. Сонымен қатар директорлар кеңесіне жалпы құны 43,8 трлн теңгені құрайтын 69 ірі инвестициялық жобаның жүзеге асырылу барысы туралы ақпарат ұсынылды. Инвестициялардың басым бөлігі мұнай-газ өнеркәсібіне, мұнай-газ химиясы және дәстүрлі электр энергиясын өндіру саласына бағытталған. Сондай-ақ газ тасымалдау, энергетикалық инфрақұрылымды дамыту, көлік, коммуникация және басқа да бағыттар қамтылады. Бүгінгі таңда 44 жоба бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілуде, қалғандары жүзеге асырудың түрлі кезеңдерінде.

Қордың негізгі жобаларының бірі ретінде биылғы қазан айында іске қосылған Қазақстан мен Әзербайжан арасындағы халықаралық деректер алмасу мүмкіндіктерін кеңейтуге және екі елдің цифрлық байланысын нығайтуға бағытталған ұзындығы 380 шақырым болатын талшықты-оптикалық байланыс желісі аталып отыр. Сондай-ақ Қордың Гонконг қор биржасында және «Астана» халықаралық биржасында 3 млрд юань сомасындағы юаньмен номинацияланған облигацияларын алғаш рет орналастыруы атап өтілді. Бұл қадам халықаралық капитал нарықтарына қолжетімділікті арттырып, ел экономикасына қосымша инвестициялар тартуға серпін береді. Көлік әлеуетін дамытудың маңызды кезеңі – Дарбаза – Мақтаарал жаңа теміржол желісі бойынша қозғалысты іске қосу. Осы жылдың қазан айында бұл бағыт бойынша қазақстандық көмірмен Өзбекстанға алғашқы жүк пойызы жөнелтілді. Магистральды іске қосу темір жол желісінің өткізу қабілетін едәуір кеңейтуге, жүк тасымалдау көлемін ұлғайтуға және қазақстандық өнімді Орталық Азия елдеріне экспорттау үшін қосымша жолдар ашуға мүмкіндік береді.

Отандық өндірушілерді қолдау жөніндегі жұмыс шеңберінде Қордың қазақстандық компаниялардан 9 айда сатып алу көлемі шамамен 1,4 трлн теңгені құрады, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 45%-ға артық. Есепті кезеңде офтейк-келісімшарттардың көлемі 73 млрд теңге болды. Сонымен қатар жаңа әлеуметтік нысандардың құрылысы жалғасуда. 2027-2028 жылдары Астана, Түркістан және Петропавл қалаларында бірқатар ірі медициналық нысанды аяқтау, сондай-ақ инклюзивті спорт, оңалту, білім беру және мәдениет саласындағы жобаларды жүзеге асыру жоспарланып отыр.

Отырыс қорытындысы бойынша Премьер-министр инвестициялық жобаларды жүзеге асыру мерзімдерін бұзу фактілеріне жол бергені үшін Қор мен еншілес компаниялардың басшылығын сынға алып, белгіленген мерзімдердің сақталуын бақылауды күшейтуді, сондай-ақ оларды жүзеге асыру шеңберінде сатып алынатын тауарлардағы, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердегі жергілікті қамту үлесін ұлғайту жұмыстарын жалғастыруды тапсырды.

№131 (5029) 05/11/2026 Бейсенбі

СПОРТ НЫСАНДАРЫН АРАЛАДЫ

Астана қаласының Қоғамдық кеңес мүшелері екі күн бойы елордадағы спорт нысандарының жұмысымен танысып, олардың материалдық-техникалық базасы мен балалар және жасөспірімдерге жасалған жағдайларды зерделеді. Жоспарлы көшпелі аралау барысында спорт инфрақұрылымының қазіргі жай-күйі бағаланып, саладағы өзекті мәселелер мен алдағы міндеттер назарға алынды.

Шапағат ӘБДІР



Аралау жұмыстарының алғашқы күні кеңес мүшелері «Барыс» және «Толқын» спорт кешендерінде, Шаңғы базасында, сондай-ақ «Көктал» дене шынықтыру-сауықтыру кешенінде болды. Екінші күні Скейт-паркке, «Қыран» аула клубына барып, Қазақ ұлттық спорт университетінің қызметімен және студенттер үйінің тыныс-тіршілігімен танысты.

Сапар барысында спорт нысандарының материалдық-техникалық базасы, жаттығу залдарының жабдықталуы, спортшыларға жасалған жағдайлар мен мекемелердің жұмыс барысы зерделенді. Сонымен қатар, атқарылып жатқан жұмыстар мен алдағы жоспарлар да талқыланды.

Аралау кезінде Астана қаласы әкімдігінің №10 балалар мен жасөспірімдердің шайбалы хоккейден мамандандырылған спорт мектебінің басшысы Диас Маржықпаев спортшыларға жасалған жағдайлар туралы айтып, жаттығу үдерісінің ұйымдастырылуына тоқталды.

«Біздің спортшылар үшін барлық қажетті жағдай жасалған. Жаттығу залдары заманауи талаптарға сай жабдықталған. Әрбір спортшының өзіне қолайлы ортада алаңсыз дайындалып, спорттық нәтижелерін жақсартуына баса мән береміз» деді ол.

Қоғамдық кеңес мүшесі Бақдәулет Жанділдаевтың айтуынша, екі күндік аралаудың басты мақсаты – спорт нысандарының жұмысын көзбен көріп, олардың мүмкіндіктері мен шешімін қажет ететін мәселелерді анықтау.

«Біз осы екі күнде Дене шынықтыру және Спорт басқармасы мен Жастар саясаты мәселелері басқармасына қарасты нысандарды аралап, ондағы жағдаймен таныстық. Мақсатымыз – жастарды спортқа тарту, бұқаралық спортты дамыту. Қай жерде қандай мәселе бар, қандай нысанда не жетіспейді – соның бәрін бақылауда ұстап, алдағы уақытта, 10 қарашада өтетін Қоғамдық кеңес отырысында осы мәселелерді ортаға салып, қарайтын боламыз» деді Бақдәулет Жанділдаев.

«АДАЛ АЗАМАТ – АДАЛ ЕҢБЕК – АДАЛ ТАБЫС»



Астанада «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру аясында Шәкен Айманов атындағы №20 орта білім беретін мектепте «Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» атты оқушылармен кездесу өтті.

«Кездесу барысында «Астана Тазалық» ЖШС қызметкерлерінің күнделікті жұмыстары жөнінде айтып бердік. Мұнда қаланың санитарлық тазалығын қамтамасыз ету жолындағы еңбек адамдарының міндеттері мен еңбек ерекшеліктері туралы әңгіме өрілді. Оқушылар тазалық сақтау мәдениеті, қоршаған ортаны қорғау және әрбір азаматтың қала тазалығына қосатын үлесі туралы ақпарат алды» деді «Астана Тазалық» ЖШС-ның директоры Альберт Есалиев.

Еңбек адамдарымен кездесуде оқушылар сауалдар жолдады. Қала тазалығына немқұрайлы қарауға болмайтынын айтқан еңбек адамдары мектеп оқушыларымен ашық әңгіме жүргізді.

«Бүгінгі іс-шара ведомствоаралық іс-шаралар жоспарын іске асыру мақсатында және қоғамдық еңбек адамдарының еңбегін құрметтеуге бағытталды. Мектеп оқушылары кездесу кезінде белсенділік танытып, мейман-дарға сауал жолдады. Сонымен қатар, қала тазалығын сақтау, қоршаған ортаны қорғау, тұрмыстық қалдықтарды дұрыс сұрыптау және тазалық сақтау мәдениеті туралы маңызды мәселелер қозғалады. Біз іс-шараны ұйымдастыру барысында басты тәртіп тазалық екеніне аса мән бердік» деді Ш.Айманов атындағы 20 мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Айгүл Дүйсенова.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2026 жылғы 30 сәуірдегі № 213 қала құрылысы жобаларын (елді мекендердің бас жоспарларын, егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларын) әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы бұйрығына сәйкес қоғамдық талқылаулар өткізілетіні туралы хабарлайды:

1) «Астана қаласындағы А 91, А 435, Хайретдин Болғанбаев және А 123 көшелері ауданындағы аумақтың егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын» әзірлеу (жеке тұрғын үй (коттедж үлгісіндегі) құрылыс, таунхаус үлгісіндегі блокталған тұрғын үй құрылысы, орта қабатты тұрғын үй құрылысы, жалпы білім беретін мектеп, мектепке дейінгі балалар мекемесі, мешіт, денсаулық сақтау объектісі, қоғамдық және әкімшілік объектілер, спорт объектісі).

Тапсырыс беруші «КИПРОС» ЖШС.

2) «Астана қаласындағы Абай даңғылы, А.Жұбанов және Циолковский көшелері ауданындағы аумақтың егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын» әзірлеу (көппәтерлі тұрғын үй кешендері, сауда орындары бар әкімшілік-ойын-сауық орталығы, балабақша, емхана, кеңселер, техникалық қызмет көрсету станциясы, сауда-ойын-сауық орталығы, халыққа қызмет көрсету орталығы, әкімшілік ғимараттар).

Тапсырыс беруші «Survivor Invest» ЖШС.

3) «Астана қаласындағы Абайдың 150 жылдығы және Бейбарыс Сұлтан көшелері ауданындағы егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын» әзірлеу (тұрмыстық қызмет көрсету үйі, көпфункционалды тұрғын үй кешендері, көппәтерлі тұрғын үй кешендері, әкімшілік ғимарат).

Тапсырыс беруші «Tulpar Development» ЖШС.

Схемалармен «Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ ресми сайтында толық таныса аласыз.

Қоғамдық талқылаулар 2026 жылғы 27 қарашада сағат 10:00-де Сарыарқа даңғылы, 13, 2-қабат мекенжайы бойынша өтеді.

Дәлелді ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық талқылаулар басталған күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Suyunova.zh@astana.kz электрондық мекенжайға немесе Астана қ., Ә.Мәмбетов к-сі, 24-үй мекенжайындағы ұсыныстар жәшігінде (холл) қолма-қол қабылданады.

QS Quacquarelli Symonds халықаралық талдау агенттігі Азияның үздік университеттерінің QS Asia University Rankings 2027 рейтингін жариялады. Қазақстан Орталық Азия елдері арасында көшбасшылық орнын сақтап, үш университеті рейтингтің алғашқы жүздігіне енген өңірдегі жалғыз мемлекет атанды. Биылғы рейтингке еліміздің 51 жоғары оқу орны енгізілді. Бұл өткен жылмен салыстырғанда жеті университетке артық.

ЕҰУ – ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНДА

QS Asia University Rankings 2027 рейтингіне Азияның 26 елі мен аумағынан 1722 университет енді. Рейтингке енгізілген ЖОО саны бойынша Қазақстан Азияда 10-орынға тұрақтады. Соңғы үш жылда рейтингке қатысқан қазақстандық университеттердің саны 34-тен 51-ге дейін артты. Оның ішінде жеті жоғары оқу орны рейтингке алғаш рет енді. Азияның үздік 100 университетінің қатарына Қазақстанның үш жоғары оқу орны кірді: Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – 46-орын; Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті – 62-орын; Satbayev University – 89-орын.

Қазақстандық университеттер білім беру ортасының сапасы, академиялық ұтқырлық және халықаралық ынтымақтастық көрсеткіштері бойынша жоғары нәтижелерге қол жеткізді. Рейтингтің 11 индикаторының жетеуі бойынша отандық жоғары оқу орындарының орташа көрсеткіштері Азия университеттерінің орташа деңгейінен жоғары болды.

QS Asia University Rankings 2027 рейтингіне еліміздің 19 қаласынан 51 университет енген. Бұл нәтиже Алматы мен Астананың әлемдегі үздік студенттік қалалардың QS Best Student Cities 2027 рейтингіндегі орындарының жақсаруымен қатар, Қазақстанның өңірлік білім беру орталығы ретіндегі халықаралық танымалдығының артып келе жатқанын көрсетеді. Рейтинг туралы қосымша ақпарат: www.topuniversities.com/asia-university-rankings.

ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ – ҰДАЙЫ НАЗАРДА

Астана қаласы Төтенше жағдайлар департаменті жылыту маусымының басталуына байланысты профилактикалық іс-шара өткізді.

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ

Іс-шара барысында тұрғындарға өрт қауіпсіздігі талаптары түсіндіріліп, тұрғын үйлерге улы газдан қорғайтын датчиктер орнатылды.

Сондай-ақ арнайы мамандардың қатысуымен мұржаларды тазарту жұмыстары жүргізілді.

Сонымен бірге, Астана қаласы Нұра ауданында Төтенше жағдайлар басқармасы инженері Нұрмаханбет Диас ой бөлісті.

– Қазіргі таңда Нұра ауданы, Үркер шағын ауданында жылыту маусымына орай Нұра ауданы әкімдік өкілдерімен бірге профилактикалық аралау шараларын жүргізіп отыр. Жылдың басынан бері аталған ауданда 100 астам көмір қышқыл газы және түтін датчиктері орнатылған. Тұрғындары өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауға шақырамыз, – деді ол.



ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПТІ ҚАДАҒАЛАЙДЫ

Астанада «Қауіпсіз үй» жедел-профилактика іс-шарасы жалғасуда.

Елордада құқық бұзушылықтардың алдын алуға, қоғамдық қауіпсіздік деңгейін арттыруға және полицияның халықпен өзара іс-қимылын нығайтуға бағытталған «Қауіпсіз үй» жедел-профилактика іс-шарасы жалғасуда. Полиция қызметкерлері тұрғын үй секторында кешенді тексеру жұмыстарын жүргізіп, проблемалық тұрғын үй нысандарын анықтауға және құқық бұзушылықтардың алдын алуға ерекше назар аударуда.

Іс-шара барысында 24 мыңнан астам проблемалық тұрғын үй нысаны тексеріліп, ішкі істер органдарында есепте тұрған 7600-ден астам азаматтың тұрғылықты жері бойынша тексеру жүргізілді. Сонымен қатар белгілі бір тұрғылықты жері жоқ 350-ден астам адам ұсталды. Аталған жұмыстар ықтимал қауіп-қатерлерді дер кезінде анықтауға, құқық бұзушылықтардың алдын алуға және елорда тұрғындары үшін қауіпсіз орта қалыптастыруға бағытталған. Полиция қызметкерлері қала тұрғындарын қырағылық танытуға, қоғамдық тәртіпті сақтауға, тұрғын үй қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауға және күмәнді жағдайлар туралы құқық қорғау органдарына уақытылы хабарлауға шақырады.

№131 (5029) 05/11/2026 Бейсенбі

ЖАҢА КЕЗЕҢ – ЖАҢА МІНДЕТТЕР

Астана қаласында Президент Жолдауын түсіндіруге арналған бірқатар кездесу өтті. Мемлекеттік органдардың, Құрылтай депутаттары мен қоғам өкілдері әлеуметтік қолдау, экономиканы дамыту, цифрландыру және инфрақұрылым жобаларын талқылады.



Жүздесулер елорданың он алаңында өтті. Кәсіпкерлермен «Атамекен» кәсіпкерлер палатасында, студенттермен Назарбаев университетінде, ал мемлекеттік қызметшілермен Есіл ауданы әкімдігінде кездесу ұйымдастырылды. Әлеуметтік мәселелер «Жансая» қызмет көрсету орталығында, №70 мектеп-лицейде, Еңбек мобильділігі орталығында және №6 қалалық емханада талқыланды. Тағы үш кездесу Astana Hub-та, Нұра ауданы әкімінің аппаратында және Ұлттық музейде болды. Мұндай формат Жолдаудағы міндеттерді түрлі сала өкілдерімен талқылауға мүмкіндік берді.

Экономикалық және қоғамдық бастамаларды талқылауға Құрылтай депутаты, профессор Дихан Қамзабекұлы, Қазақстан Халық Кеңесінің мүшесі Табиғат Зейнұлқабден, жазушы-драматург Роза Мұқанова және Ұлттық экономика бірінші вице-министрі Азамат Әмрин қатысты. Кездесуге қатысушыларға Жолдаудағы екі негізгі бағыт – «Халықтық құрылыс» және халықтық цифрлық экономика түсіндірілді. Біріншісі әлеуметтік, көлік және коммуналдық инфрақұрылымды жаңғыртуды көздесе, екіншісі кәсіпкерлікті дамыту мен азаматтардың табысын арттыру үшін технологияларды пайдалануға бағытталған.

Табиғат Зейнұлқабден Президент тапсырмаларын орындау үшін басқарушылық шешімдердің сапасын арттырып, олардың жүзеге асырылуына жауапкершілікпен қарау қажеттігін атап өтті. Инвестиция тарту, бизнеске қолайлы жағдай жасау және қала мен ауыл арасындағы айырмашылықты азайту мәселелері де талқыланды. Роза Мұқанова қоғамдық әдеп, кітап оқу мәдениеті және салынып жатқан әлеуметтік нысандардың сапасына назар аударды. Оның айтуынша, инфрақұрылым жобаларының жүзеге асуын бақылау бұрын жіберілген кемшіліктерді болдырмауға көмектесуі керек. Ал кәсіпкерлер мен студенттердің экономикаға қатысты сұрақтарына Азамат Әмрин жауап берді.

– Жастар бүгінгі кезеңнің жауапкершілігін жақсы түсінеді. Жолдауда айтылған негізгі бағыттардың маңызды екенін қабылдап отыр. Өздерінің ертең соған қатысып, сол істерге араласатынын біледі, әсіресе, халықтық құрылыс, экожүйе, ғылым, білім, технология, өңірлер арасын байланыстыратын мәселелердің бәрінде жас буынның біліктілігіне, тәжірибесіне табан тірелетіні айтылды. Әрине, аса маңызды мәселе, саяси реформа, алда да біраз міндеттер бар. Азаматтық кодекстің қабылдануы, салық саласындағы өзгерістерге байланысты жастар ұсыныстарын айтты. Осыған орай мемлекеттің, заң шығарушы биліктің бағытын, комиссиялар жұмысын таныстыруға тырыстық, – деді Дихан Қамзабекұлы.

Кездесулердің жеке бір бағыты әлеуметтік саясатқа арналды. Құрылтайдың Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы Ольга Перепечина жиындарда атаулы көмектің маңызына тоқталды. Оның айтуынша, қолдау ең алдымен өмірлік қиын жағдайға тап болған адамдарға жетуі керек. Ол сондай-ақ ең төменгі жалақының алдағы уақытта көтерілуіне, инфляцияны тежеу қажеттігіне және егде жастағы адамдар мен цифрлық сервистерді пайдалану қиынға соғатын азаматтар үшін мемлекеттік қызметтердің қолжетімді болуы керектігін жеткізді.

Комитет төрағасының айтуынша, 2029 жылдың соңына дейін «Халықтық құрылыс» бағдарламасына Ұлттық қордан шамамен 6,5 триллион теңге бөлу қарастырылған. Нысандарды таңдау кезінде демографиялық ахуалды, өңірлердің нақты қажеттіліктерін, сондай-ақ мектептер, ауруханалар, оңалту орталықтары мен басқа да әлеуметтік инфрақұрылым нысандарына болашақта сұраныстың қандай болатынын ескеру қажет. Ол жеке деректерді қорғау мен цифрлық сауаттылық мәселелеріне де назар аударды.

Елордадағы Әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитеті департаментінің басшысы Асқар Әбілдаұлы отбасылардың әл-ауқатын бағалау жүйесін жетілдіру туралы айтты. Жаңа тәсіл бойынша табыс, жұмыспен қамту, мүлік және қарыз жүктемесі сияқты алты бағыт бойынша 59 көрсеткіш ескеріледі. Бұл отбасылардың мұқтаждық деңгейін дәлірек анықтап, атаулы көмек тағайындауға мүмкіндік береді. Отбасының жағдайы өзгерген кезде жүйе оның санатын қайта қарап, тиісті төлемдерді қайта тағайындауды қамтамасыз етуі керек. Республикалық аналар кеңесінің төрағасы Назипа Шанай отбасының, жеке жауапкершіліктің және заңға құрметпен қараудың маңызына назар аударды.

Astana Hub-та IT қауымдастығымен өткен кездесуде Құрылтай депутаты, Цифрландыру, инновациялар және ғылым комитетінің төрағасы Дархан Ахмедиев Жолдаудағы міндеттердің барлығына дерлік цифрлық шешімдер қажет екенін айтты. Оның сөзінше, соңғы бес жылда Қазақстанның IT қызметтері экспорты шамамен 30-33 миллион доллардан 1 миллиард долларға дейін өскен. Ендігі міндет – отандық компаниялардың шетелдік нарықтарға шығуына, ал өңір тұрғындарының цифрлық платформалар арқылы жұмыс пен сатып алушылар табуына көмектесу. Д.Ахмедиев құрылыс нысандарын жоспарлау кезінде цифрлық егіздерді қолдану мүмкіндіктері туралы да айтты. Мұндай модельдер жаңа нысандарға қажеттілікті алдын ала анықтап, инженерлік желілерге түсетін жүктемені бағалауға мүмкіндік береді. Ал «Қазақтелеком» АҚ басқарма төрағасы Бағдат Мусин жасанды интеллектінің IT-кәсіпкерлікке келу жолындағы кедергілерді азайтатынын атап өтті. Оның пікірінше, цифрлық экономиканы дамыту үшін талшық-оптика желілері, деректерді өңдеу орталықтары мен білім беру бағдарламалары қажет. Ол ауыл шаруашылығы өндірушілерін, сатып алушылар мен логистика компанияларын байланыстыратын платформалардың маңызын да ерекше атап өтті.





Мадина ӘЖІКЕНОВА,
қоғам белсендісі, Астана қаласы мәслихатының 8-шақырылым депутаты:

МОРАТОРИЙ – МАҢЫЗДЫ БАСТАМА

– Президентіміздің 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап микро және шағын бизнесті тексеруге үш жылдық мораторий енгізу мүмкіндігін қарастыру туралы ұсынысын маңызды бастама деп санаймын.

Шағын және орта бизнес – ел экономикасының маңызды тірегі. Оның дамуы жаңа жұмыс орындарының ашылуына, халық табысының артуына және экономиканың нығаюына тікелей әсер етеді. Сондықтан кәсіпкерлерге қолайлы жағдай жасап, олардың өз ісін еркін дамытуына мүмкіндік беру қажет. Бұған дейінгі мораторийдің оң және теріс жақтарын жан-жақты саралап, тиімді тұстарын сақтап, кемшіліктерін ескерген жөн. Кәсіпкерлерге түсетін артық әкімшілік жүктемені азайту олардың жұмысын тұрақтандыруға және бизнесті дамытуға көбірек көңіл бөлуіне мүмкіндік береді. Шағын бизнесті қолдаумен қатар, орта бизнестің дамуына да ерекше назар аудару маңызды. Кәсіпорындарды кеңейтуге, жаңа технологияларды енгізуге және өндірісті дамытуға жағдай жасалса, еліміздің экономикадағы мүмкіндігі де арта түседі.

2027 жылдан бастап мораторий енгізу мәселесін талқылау барысында кәсіпкерлердің ұсыныстары ескеріліп, бұрынғы тәжірибенің нәтижелері негізінде тиімді шешім қабылданады деп ойлаймын. Ең бастысы, кәсіпкерлерге тұрақты жағдай жасап, олардың өз ісін дамытуына және ел игілігіне үлес қосуына мүмкіндік беруіміз керек. Кәсіпкерлікке қолдау көрсету – экономиканы дамыту ғана емес, халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған маңызды қадам.



Төлеген КҮНӘДІЛОВ,
Астана қаласы Кәсіподақтар орталығының төрағасы, Қазақстан Халық Кеңесінің мүшесі:

ДАМУ БАҒЫТТАРЫ АЙҚЫНДАЛДЫ

– Мемлекет басшысының кезекті Жолдауы еліміздің алдағы даму бағытын айқындап, халықтың әл-ауқатын арттыруға, инфрақұрылымды жаңғыртуға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және әлеуметтік саясаттың тиімділігін күшейтуге басымдық берді.

Кәсіподақ қозғалысының және Қазақстан Халық Кеңесінің өкілі ретінде мен үшін Жолдаудағы еңбек адамының мүддесіне қатысты бастамалардың маңызы ерекше. Атап айтқанда, 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап ең төменгі жалақы мөлшерін 110 мың теңгеге дейін көтеру туралы шешім – азаматтардың табысын арттыруға бағытталған маңызды әлеуметтік қадам.

Сонымен қатар «Халықтық құрылыс» бастамасы ерекше қолдауға лайық. Бұл – мектептер мен медицина нысандарын салу, жолдар мен инженерлік инфрақұрылымды дамыту, елді мекендерді таза ауыз сумен және газбен қамтамасыз ету ғана емес, сонымен қатар жаңа жұмыс орындарын ашуға, өңірлердің экономикалық әлеуетін арттыруға және отандық кәсіпкерлікті қолдауға мүмкіндік беретін маңызды бастама.

Халықтың тұрмыс сапасын жақсарту үшін жалақыны өсірумен қатар, еңбекке лайықты ақы төлеу, қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз ету және жұмыскерлердің әлеуметтік қорғалуын күшейту мәселелері де тұрақты назарда болуы тиіс деп есептеймін. Осы тұрғыда Қазақстан Халық Кеңесі комиссиясының отырыстарының бірінде құрылыс нысандарында, әсіресе бас мердігер мен қосалқы мердігер ұйымдар қатар жұмыс істеген жағдайда, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау мәселелері бойынша өзара іс-қимыл мен жауапкершілікті жетілдіруге бағытталған бастамамды ұсындым. Оның негізгі мақсаты – құрылыс саласындағы барлық қатысушылардың міндеттерін нақтылау, қауіпсіздік шараларын үйлестіруді күшейту және өндірістегі тәуекелдердің алдын алуға ықпал ету. Өйткені құрылыс көлемі мен қарқыны артқан сайын еңбек қауіпсіздігіне деген жауапкершілік те қатар күшеюі қажет. Мұндай ұсыныстар еліміздегі ауқымды құрылыс жоспарларын адам мүддесі тұрғысынан толықтыра түседі деп сенемін.

Таңертең жұмысқа кеткен әр адам кешке өз отбасына аман-есен оралуы керек. Менің пайымдауымша, қоғамдық диалогтың басты құндылығы да осында: мемлекет стратегиялық мақсаттарды айқындайды, ал қоғамдық институттар сол мақсаттардың халықтың күнделікті өмірімен ұштасуына, азаматтардың үнін жеткізуге және нақты шешімдер ұсынуға атсалысады. «Халықтық құрылыс» – ел болашағына салынған инвестиция. Ал сол болашақтың ең басты құндылығы – адам, оның еңбегі, денсаулығы мен қауіпсіздігі.



Үкімет пен әкімдіктер суды пайдалануға бақылауды күшейту керек. Түрлі желідегі, сондай-ақ, көлік жуу орындарындағы су шығынын азайтып, ауыз судың жөнсіз пайдаланылуына жол бермеу қажет. Ауыз суды көлік жууға тұтыну – барып тұрған сорақылық. Судың да сұрауы бар.

ӘДІЛЕТ

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП – ДАМУДЫҢ КЕПІЛІ

МӘСЛИХАТ САЙЛАУЫ 2026

Дайындаған: «Әділет» партиясының баспасөз қызметі. «Әділет» партиясы» ҚБ сайлау қорының қаражаты есебінен төленді. Тапсырыс беруші: Кистаубаев М.Г.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!



БІР ӘУЛЕТТІҢ ҮШ БУЫНЫ – ПОЛИЦИЯДА

Астана қаласы Полиция департаменті Жылдам қимылдайтын арнайы жасақтың аға инспекторы, полиция подполковнигі Марғұлан Еріков – тағылымды жолды таңдаған азаматтың бірі. Оның өмір жолы – әке жолын жалғаған ұлдың, ата аманатын арқалаған немеренің және өз ұрпағына өнеге көрсетуді мақсат еткен әкенің тарихы.

Полиция қызметі бұл әулет үшін таңсық мамандық емес. Ұлытау өңірінде дүниеге келген Марғұланның атасы да, әкесі де ішкі істер органдарында қызмет атқарған. Әсіресе атасы Зейнулла Қуанышбеков – Ұлы Отан соғысының ардагері, майдан даласында Отан қорғаған, ерлігімен ел есінде қалған тарихи кезеңнің куәгері. Оның өмірбаянындағы ерекше деректің бірі – Рейхстагқа Жеңіс туын тіккен Қазақстанның Халық қаһарманы Рақымжан Қошқарбаевпен бір сыныпта оқып, жақын дос болғаны. Бұл – әулет үшін үлкен мақтаныш әрі кейінгі ұрпаққа жеткізер тағылымды тарих. Майдандағы ерлігі мен ел алдындағы еңбегі ескерусіз қалған жоқ. Зейнулла Қуанышбеков I дәрежелі Отан соғысы орденімен, «Ерлігі үшін» медалімен және «Жауынгерлік еңбегі үшін» медалімен екі мәрте марапатталған. Соғыстан кейін де ел алдындағы азаматтық міндетін жалғастырып, құқық қорғау саласында еңбек еткен.

Атасының өмір жолы – Марғұлан үшін жай ғана өткен тарих емес, азаматтық болмысының қалыптасуына ықпал еткен үлкен мектеп. Отанға адалдық, жауапкершілік, тәртіп пен табандылық секілді қасиеттердің мәнін ол бала кезінен отбасындағы өнеге арқылы түсініп өсті.

Әулеттегі тағылымды дәстүр әкесі арқылы да жалғасын тапты. Марғұланның әкесі Ерік құқық қорғау саласында басқарма басшылығына дейін көтерілген. Ғұмырын сонымен қатар тарихты зерттеуге, өткеннің өнегесін зерделеуге арнаған азамат бүгінде зейнет демалысында болса да, шығармашылық ізденісін тоқтатқан емес. Осы уақытқа дейін бесінші кітабын жарыққа шығарған.

Өнегелі ата мен әкеден тараған Марғұлан 2011 жылы ішкі істер органдарындағы еңбек жолын бастады. Содан бері ол полиция қызметінің жауапкершілігін арқалап келеді. Қызметтегі басты ұстанымы – өз міндетіне адал болу, сеніп тапсырған жауапкершілікті абыроймен атқару. Ол таңдаған жолының оңай емес екенін жақсы түсінеді. Дегенмен бала кезінен бойына сіңген тәртіп пен әулеттегі тәрбие оған әрдайым бағыт-бағдар беріп келеді. Спортты жанына серік еткен оның әсіресе футболға қызығушылығы ерекше. Мұны тек дене шынықтырудың жолы емес, мінезді шыңдайтын, ерік-жігерді тәрбиелейтін өмір салты деп біледі. Командалық ойын арқылы бірлік пен өзара қолдаудың, ал тұрақты жаттығу арқылы табандылықтың маңызын түсінеді. Сонымен қатар өнерге жақын полицей ән айтқанды жақсы көреді. Бос уақытында кітап оқып, түрлі шығармамен танысуға көңіл бөледі. Қызметтің қарбалас тіршілігінен тыс уақытта рухани дамуға уақыт бөлуі оның жан-жақты тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Қызметтегі жауапкершілік бір бөлек болса, әкелік міндеттің орны тіпті ерекше. Марғұлан Ерікұлы – үш ұлдың әкесі. Ол үшін отбасы – күш-қуат беретін, өмірге деген сенімін нығайтатын ең қымбат құндылық. Оның жүрегінде тағы бір ерекше арман бар. Үш ұлының бірі немесе барлығы болашақта полиция қызметін таңдап, ата мен әке жолын жалғастырса екен дейді. Өйткені ол үшін әулеттегі дәстүрді сақтау – тек бір мамандықты жалғастыру емес, ұрпаққа адалдықтың, жауапкершіліктің және елге қызмет етудің үлгісін көрсету. Атадан қалған ерлік, әкеден дарыған білім мен тәрбие – ұлдарға аманат болған абыройлы жол. Марғұлан Ерікөвтің өмір тарихы – полиция қызметін кәсіп қана емес, әулеттің ар-намысы мен өмірлік ұстанымына айналдырған ұрпақтар сабақтастығының жарқын көрінісі.

ВАНДАЛИЗММЕН КҮРЕС КҮШЕЙДІ

Бас қалада бөтеннің мүлкін бүлдіру және вандализм жағдайын анықтау, сол сияқты оның алдын алу жұмысы жүйелі түрде жүріп жатыр. Негізгі назар құқық бұзушылықтардың алдын алуға және қала инфрақұрылымы нысандарына ұқыпты қарау мәдениетін қалыптастыруға бағытталған.

Қалада бейнебақылау камералары орнатылып, қоғамдық орындарға тұрақты мониторинг жүргізіледі. Полиция қызметкерлері тұрғындар арасында түсіндіру жүргізіп, дауыс зорайтқыш құрылғылар мен дрондарды да пайдаланады. Олар азаматтарды қоғамдық тәртіпті сақтап, ортақ мүлікке ұқыпты қарауға шақырады.

Жыл басынан бері елордада мүлікті бүлдірудің 70-ке жуық жағдайы тіркелген. Көбіне аялдама павильондары, орындықтар, қоқыс жәшіктері мен жарнама құрылымдары бүлінеді. Тұрғын үйлердің кіреберісіндегі бейнебақылау камералары мен лифт жабдықтарын да жиі зақымдап кетеді.

Полиция бөтеннің мүлкін қасақана бүлдіргені үшін заңнамаға сай жауапқа тарту қарастырылғанын ескертеді. Құқық бұзушылар келтірілген шығынды өтеуге, айыппұл төлеуге міндеттеледі, сондай-ақ әкімшілік қамауға алынуы мүмкін. Полиция департаменті азаматтарды мұндай жағдайларға бейжай қарамауға шақырады. Вандализм жағдайын байқасаңыз, дереу «102» нөміріне хабарлау қажет. Сондай-ақ өскелең ұрпаққа тәрбие беруге, қоршаған орта мен ортақ мүлікке құрметпен қарау мәдениетін қалыптастыруға ерекше мән беру керек.



ЖАСӨСПІРІМ ЖАЙЫН ОЙЛАЙДЫ

Елордада кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алуға, балалардың қараусыз және панасыз қалуына жол бермеуге, олардың құқығын қорғауға, сондай-ақ қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған «Жасөспірім» жедел-профилактика іс-шарасы өтіп жатыр.

Полиция қызметкерлері жасөспірімдер арасындағы қылмыстың алдын алу, кәмелетке толмағандардың құқығын қорғау саласындағы құқық бұзушылықтарды анықтау, көшелер мен қоғамдық орындарда жасалатын бұзақылық әрекеттердің жолын кесу, сондай-ақ балаларға қатысты құқыққа қайшы әрекеттердің алдын алу мақсатында рейд және профилактика жүргізуде.

Жедел-профилактика іс-шарасы барысында 90-ға жуық құқық бұзушылық анықталды. Атап айтқанда, кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз түнгі уақытта ойын-сауық орындарында болуына қатысты 66 дерек, ата-аналардың бала тәрбиесі жөніндегі міндеттерін орындамауының 14 дерегі, сондай-ақ кәмелетке толмаған тұлғаға темекі өнімдерін сату фактісі тіркелді. Патрульдеу барысында полиция қызметкерлері кәмелетке толмаған жасөспірімнің ұсақ бұзақылық әрекетін анықтады. Жасөспірім темекі шегіп, темекі тұқылын жерге тастаған және қоғамдық орында түкірген. Аталған факті бойынша кәмелетке толмаған жасөспірімге қатысты ұсақ бұзақылық жасағаны үшін әкімшілік хаттама толтырылып, 7 АЕК мөлшерінде айыппұл салынды. Полиция балалардың тәрбиесі мен қауіпсіздігіне ата-аналар мен заңды өкілдердің де жауапты екенін еске салады. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу және балалардың құқығын қорғау бағытындағы профилактика тұрақты түрде жалғасуда.

Дайындаған **Райхан РАХМЕТОВА**

№131 (5029) 05/11/2026 Бейсенбі

Елімізде «Кітап оқитын ұлт» атты оқырмандар арасында марафон өтіп жатыр. Жарыстың шарты бойынша әр оқырман 6 айда 15 шығарманы оқып бітіруі тиіс. Ақтық сынға шыққан 10 оқырманға әрқайсына 10 млн теңгеден сыйақы беріледі. 27 қазандағы ахуал бойынша марафонға 1 477 991 адам қатысуда, ал оқылған кітаптардың саны – 412 215.



Төлен ТІЛЕУБАЙ

КІТАП ОҚЫП, СЫЙАҚЫ АЛ!

ӨЗБЕКТІҢ ОЗЫҚ ҮРДІСІ

Кітап оқыған адамға сыйақы беру үрдісі әлемнің бірқатар елінде бар. 2015 жылы БАӘ-нің шейхы Мұхаммед бен Рашид әл-Мақтұм мектеп оқушылары арасында кітап оқуды кеңінен насихаттау үшін «Араб кітап оқу байқауын» (Arab Reading Challenge) тұрақты түрде өткізуге шешім қабылдады. Биыл 10-рет өткен бұл байқауға әлемнің 60 елінен 40 млн-нан астам оқушы қатысқан. Оларға (1-12-сынып оқушылары) қойылатын ең басты талап – бір оқу жылында араб тіліндегі 50 кітапты оқып бітіріп, мазмұнын қысқаша баяндап беру. Жеңімпаз болған мысырлық оқушы қыз Маяр Осман 500 мың дирхам (61 млн 600 мың теңге) сыйақы алды. Оны Дубай билеушісі, БАӘ Премьер-министрі М. Р. әл-Мақтұм өзі тапсырды. 60 кітап оқыған Маяр сыйақысының бір бөлігін өз мектебіне кітапхана ашуға жұмсайтынын айтты. Екінші орынды иеленген палестиналық Газай Тим 100 мың дирхам (12 млн 300 мың теңге), үшінші орын алған саудиялық оқушы Риан әл-Закри 70 мың дирхам (8 млн 600 мың) сыйақы алды.

Араб кітап челленджінің негізінде Өзбекстанда биыл кітап оқу мәдениетін дамытатын қор құрылып, жалпыұлттық қозғалыс іске қосылды. Ол елдің барлық өңірін қамтиды. Жарысқа жалпы білім беретін мектептердің 1-11-сынып оқушылары қатысады. Ақтық кезең жыл сайын Өзбекстан президентінің қатысуымен өтеді. Бағдарламаның жылдық сыйақы қоры 240 мың АҚШ долларын құрайды. Жарыс жеңімпазына 50 мың АҚШ доллары (440-4450 мың теңге) көлемінде сыйақы беріледі. Бізге үлгі боларлық үрдістің бірі – Өзбекстан мектептерінде «Жадидтердің ізімен» деген атаумен оқырман клубтары құрылды. Клуб мүшелері оқыған кітаптарын ашық талқылап, өзара үздік оқырманды анықтайды. Жеңімпаздарға аудан, қала басшылығы деңгейінде ақшалай сыйлық тапсырылады.

Өзбекстанның Әділет министрлігі хабарлағандай, 2026 жылы 16 қаңтарда Өзбекстан президенті «Кітап оқу мәдениетін дамыту және халық арасында кітап оқуға қызығушылықты арттыру туралы» қаулыға қол қойды. Осы құжатқа сәйкес, кітап оқуда жоғары белсенділік танытқан азаматтарды (мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік мекеме қызметкерлері және т. б.) ынталандыру жүйесі іске қосылды. 2026 жылдың 1 наурызынан бастап барлық министрліктер мен ведомстволарда қызметкерлерді ынталандыру іс-шаралары енгізіліп, қызмет бағыты бойынша кәсіби әдебиеттердің тізімі жасалды. 2026 жылдың 1 сәуірінен бастап меморгандар мен әр ведомствоға бағынатын ұйымдарда кітап бұрыштары ашылып, ай сайынғы кітап оқу сағаттары бекітілді. Әр ұжымда оқырман белсенділігін анықтайтын ішкі рейтинг жүйесі бар. Осы байқаулар нәтижесінде әр ұжымдағы ең көп кітап оқыған қызметкерлерге айлық жалақысы көлемінде ақшалай сыйақы төленеді. Қазір елдегі орташа жалақы 435-480 мың теңге аралығында. Сондай-ақ Кітап оқу мәдениетін дамыту қоры жас жазушыларға грант ұсынып, шығармаларын басып шығаруға қаржылай қолдау көрсетеді. Ел ішіндегі балалар әдебиетіне жазатын талантты авторларды іздеп, оларға бір жылға дейін 50 базалық есептік көрсеткіш (шамамен 20,6 млн сум немесе 450 мың теңге) көлемінде ай сайын сыйақы төлейді. Осылайша, өзбек ағайындар 2026-2030 жылдарға қарай елдегі кітап оқу белсенділігінің деңгейін жылына 10 кітапқа дейін жеткізуді жоспарлап отыр.

СИНГАПУРЛЫҚТАР КҮН САЙЫН АҚША АЛАДЫ

Қыркүйек айында Сингапурдың Ұлттық кітапханалық кеңесі думскроллингпен (үрей туғызатын жағымсыз ақпараттарды интернеттен үздіксіз оқу әдеті) күреске қарсы бағдарламаны іске қосты. Негізгі мақсат – оқырмандарды интернеттегі келте контентті көруден алыстату. Соңғы кездері баспасөзде «brain rot» деген термин жиі жазылып жүр. Қазақша мағынасын «адам миының шіруі» деп алсақ түсінікті болар. Қызығы – келте, пайдасы жоқ дүниелердің адамның санасын жаулауы. Жаһантордағы жеңіл-желпі ақпаратты немқұрайды тұтынатын оқырманның белгілі бір кітаптағы мәтінге назар аударып, тапжылмай отырып оқуы қиындап барады. Осы мәселеге алаңдаған Ұлттық кітапханалық кеңес мамандары жұртты кітап оқуға қызықтырудың жаңашыл тәсілін ойлап тапты.

Сингапурлықтар күн сайын кітап оқығаны үшін ақша алады. Көркем шығармаларды оқуға небәрі 15 минут уақыт бөлсе жетіп жатыр. Әр сеанс сайын оқыған кітабын Үкіметтің сайтына жазып отырады. Кем дегенде 15 минут кітап оқыған адамның әрекетін арнайы жүйе тіркеп, 20 виртуалды монета төлейді. 50 күн бойы кітап оқығандар 1000 монета жинайды. Оны 0.78 сингапур долларына айырбастай алады. Әлбетте, бұл көп ақша емес. Мәселе ақшада емес, жұрттың кітап оқуға қызығушылығын оятуда жатыр. ReadSG бағдарламасы 5 жылға есептелген. Оны жай адам емес, Сингапурдың президенті Тарман Шанмугаратнамның өзі жария етті. Сингапурлықтарға жолдаған бейнеүндеуінде ол: «Кітап оқуға мұндай уақыт жайдан-жай таңдап алынған жоқ. Адамдардың әдеті баяу өзгереді. Сол себептен бұл жаңашыл бағдарламаның нәтижесін аз уақытта көреміз дегеніміз ағаттық болар» деді.

Жарысты ұйымдастырушылар 2027 жылы қыркүйек айында оқырмандар челленджіне қатысушылардың санын 150 мың адамға жеткізуді жоспарлап отыр. Бұл жарыстың қайырымдылық сипаты да бар. 6 қыркүйек-7 қазан аралығында тіркелген әрбір қатысушы Read for Good акциясы аясында 15 минуттық сессиясының ақшасын қайырымдылыққа аударады. Осылайша, 7,5 млн минут оқу уақыты тіркелсе, одан түскен 150 мың сингапур доллары әлеуметтік ахуалы төмен 10 мың отбасыға жіберіледі. Яғни қалтаңдағы смартфоныңнан аз уақытқа болса да бас тартып, кітап оқып қана қоймай, сол үшін сыйақы алып, өзіңнің отандасыңа көмек қолын соза аласың.


ПАЙДАЛЫ ӘДЕТТІ БАЛАҒА СІҢІРЕДІ


Өзге елдер де кітапқа оқырманды қайтарудың жолдарын іздестіруде. Шілде айында Индонезия Үкіметі елде кітап оқу мәдениетін дамытуға құны 40,7 млрд рупийді (2,27 миллион АҚШ доллары) құрайтын бағдарламаны іске асыруға кірісті. 5,5 млн-нан астам кітап елдің аумағындағы бастауыш және орта мектептерге таратылды. Бұл қадам кітап оқығысы келетін барлық индонезиялық балаларға кітапты қолжетімді етіп қана қоймай, кітап оқу мәдениетін жоғары деңгейге көтереді деген үміт бар.

Малайзия да кітап оқитын ұлттардың қатарындағы ел. Ел Үкіметі 2,2 млн студентке 100 рингит (24 АҚШ доллары) көлеміндегі сомаға ваучер үлестіреді. Бұл ақшаға студенттер кітап сатып алады я болмаса электрондық кітаптардың ұлттық платформасынан қалаған кітабын алады.

Кітап оқығандарға сыйақы беру тәжірибесі АҚШ-та да бар. Мәселен, Пенсильвания штатындағы Лихай-Вэлли аймағында Lehigh Valley Educators Credit Union (LVECU) – білім беру қызметкерлерінің коммерциялық емес несиелік одағының озық үрдісін басқа елдерге үлгі етуге болады. Бұл ұйым жыл сайын Sammer Reading Challenge атты балаларды кітап оқуға ынталандыратын бағдарламасын өткізеді. Оған осы несиелік одақтың мүшелері болып саналатын отбасылардың 0-12-сынып оқушылары қатысады. Жарыстың шарты мынадай: жаз айларында әр бала оқыған кітабы үшін ақша алады. Алайда жарысқа қатысқан баланың оқыған кітабының беттерінің саны сол сынып деңгейіне қойылған талапқа сай келуі тиіс. Берілген тапсырманы бұлжытпай орындаған балалардың жинақ шотына 20-30 АҚШ доллары аударылып отырады. Бағдарламаның негізгі мақсаты – жазғы демалыс кезеңінде балалардың кітап оқуға деген ынта-ықыласын арттыру, сонымен бір мезгілде оларға қаражат жинау әдебін үйрету.

Бірде әлеуметтік желіні қолданушының бірі өз балаларына әр оқыған кітабы үшін 1 АҚШ долларын беріп отыратынын жазды. Ол үшін бала шамамен 150-160 беттік кітапты оқып бітіріп, мазмұнын айтып, жазбаша шағын сынақ тапсыруы тиіс. Ал сіз қалай ойлайсыз: бұл дұрыс ынталандыру ма, әлде баланы жастайынан ақшаға қызықтыру ма? Осындай тәжірибені үйінде қолданып жүрген ата-аналар бар ма? Егер ой-пікірлеріңізбен бөліссеңіздер, тыңдауға және талқылауға дайынбыз.







Инфографикалар «Qazaqstan.tv» Telegram-арнасынан алынды.

«АҚБІЛЕК» РОМАНЫНА АРНАЛДЫ

Ұлттық академиялық кітапханада «Кітап оқитын ұлт» жобасы аясында Астана қаласы Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасына қарасты «Руханият» мекемесі мен Қазақстан Жазушылар одағының Астана филиалы бірлесіп қолға алған «Ай кітабы» жобасы басталды.

Бұл жобаның басты мақсаты – оқырманның кітапқа деген қызығушылығын арттыру, көркем әдебиетті кеңінен насихаттау және оқылған шығарманы терең түсініп, бірге талқылау мәдениетін қалыптастыру. Атауына келсек, айына бір кітап талқыланады. Сондықтан «Ай кітабы» атанды. Жоба оқырман мен әдебиеттің арасын жақындатып, қоғамда кітап оқу мәдениетін қалыптастыруға тың серпін беруге бағытталған.

Қаламгерлер, ақын-жазушылар мен әдебиет жанашырлары, оқырмандар қатысқан жаңа жобаның алғашқы шығарылымы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романына арналды. Жобаның тізгінін белгілі қаламгер Тоқтарәлі Таңжарық ұстады. Көрнекті ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Рақымжан Тұрысбек «Ақбілектің» жазылу тарихы, Жүсіпбек Аймауытовтың ұрпақтары жөнінде құнды деректерді ортаға салды. Жазушы Айгүл Кемелбаева мен ақын Ықылас Ожай шығармаға жан-жақты тоқталып, романның идеялық-көркемдік мазмұнын саралады. Кейіпкерлердің болмыс-бітімі мен образдарын ашып, туындының әдеби құндылығы, көтерген мәселелері мен бүгінгі қоғам үшін маңызы туралы ой қозғады.



ӘДЕП ПЕН ӘДЕТ

ЫСЫРАПШЫЛДЫҚ

НЕМЕСЕ ҚОНАҚАСЫ КІМГЕ АРНАЛҒАН?

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Халқымыздың өлім жөнелту, ас беру ғұрпының да өзіндік тәртібі бар. «Өлі разы болмай, тірі байымайды» деп дәм-тұзы таусылып, фәниден бақиға аттанған адамның рухына құрмет көрсетуді парыз санаған халқымыз марқұмды соңғы сапарға аттандырып салуға, аза тұтуға айрықша мән берген. Мінген атын тұлдап, туыс-туғаны қара жамылса, ал жұртшылық оларға арнайы келіп, көңіл айтып, өмірден озған марқұмға құран бағыштап, бет сипауды адамгершілік парыз ретінде қараған. Бабадан балаға жеткен бұл дәстүр қазір де жалғасып келеді.

«Өлім байдың малын шашады, жоқтың артын ашады» дегендей, қай отбасының бір мүшесі қазаға ұшыраса да, айтып келмейтін ажалдың рухани соққысынан сырт, экономикалық салмағы да ауыр. Діни рәсімдермен қабаттасқан қазақы ырым-жырымдардың өзі біраз тиын-тебеннің басына су құятыны жасырын емес. Оның үстіне, қасиетті Құран үкімдері мен Пайғамбарымыздың сүннетіне сай өлім-жітімде де аста-төк ысырапшылдыққа жол берілмеуі тиіс делінсе де, өлім-жітім, нәзір-шырақтағы ысырапшылдық әлі күнге дейін тиылмай келеді. Керісінше, кей өңірлерде асқынып бара жатқандай. Осы жағдайға байланысты Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы еліміз бойынша баршаға тиімді құдайыас дастарқанының ортақ мәзірін әзірлеп, көпшілік қауымға ұсынған еді. Жұрт та мұны жылы қабылдап, кей өңірлер сол белгіленген тәртіп бойынша өлім-жітім істерін жөнелтіп жатыр.

Дінімізде міндетті түрде қарызданып, өзіне жетпей жатқан қаржыдан жырып, мал сойып садақа бер деген үкім жоқ. «Жетісін, қырқын, жылын беру шариғатта нақтылы белгіленбегендіктен, оны тек рәміздік атау ретінде орындаса болады. Жетісін, қырқын беруді Ханафи мазхабының ғалымдары марқұмның жаназасына қатыса алмаған алыстағы ағайын-туысы көңіл айтып, бет қамына кіріседі: асқа соятын жылқы іздейді, қонақасы, ас беретін кафе, асхана, ресторанға сөйлесіп сабылады. Базарға барып, дастарқанға салатын тәтті-дәрмек, жеміс-жидек алады. Ал көңіл айта барғандар сол дастарқанның басында қазы-қартаны қиялай турап, қылғына жұтып отырады. Бұл санаға салып салмақтасақ, көрер көзге де ерсі. Бірақ етіміз үйреніп кеткен. Мұсылманның мойнындағы кезек күттірмейтін негізгі міндет мәйітті жуындыру, кебіндеу, жаназасын оқу және жерлеу жұмысы болса да, келетін адамның көңілінен шығу басты міндетке айналған.

Жақынынан айырылған адамның қайғысын сөзбен жеткізу қиын. Мұндай сәтте оған ең алдымен туыстарының жұбату сөзі, ағайынның қолдауы, елдің демеуі қажет. Бірақ, жоғарыда айтқанымыздай, қаралы үйдің жағдайын түсініп, ауыртпалығын жеңілдетудің орнына оған қосымша бір отбасынан 2 адам келіп, 10 мың теңге беретін жағдай жиі кездеседі. Демек, астағы әр екі орынның біреуі шығын деген сөз.

Сондай-ақ қазір кісі қайтқан күні де 10-20 үстел дастарқан жайып, қонақасы беретінді шығардық. Қазақ салт бойынша бұрын да бір қойын сойып қонақасы берген. Іргесінде дайын асханасы, қонақ үйі тұрмаған соң, алыстан келген көңіл айтушыларды тамақтандырудың қажетінен туған салт еді бұл. Демек, қонақасы алыстан келген кісілерге арнап беріледі. Бірақ қазір «Қазақ қонақасы береді» деп жайнатып дастарқан жайып, алыстан келген қонақтармен бірге бүкіл ауылды, көңіл жетер ағайынды тамақтандыратын болдық. Қалада да жағдай солай. Бір-екі үстел болса бірсәрі, 10-15, тіпті 20-25 үстел адамға қонақасы беріп бір; ертесі ас беріп екі шашыламыз. Қазақ дәстүрінде қонақ күту, ас беру, марқұмды құрметпен шығарып салу секілді ғұрыптардың бәрінің де өзіндік мәні бар. Алайда салттың сыртқы көрінісін сақтаймыз деп, оның бастапқы мақсатын ұмытып кетпеуіміз керек. Ендеше, қонақасы алыстан келген жолаушының қамы үшін жасалатынын ескерсек, бүгінгі көпшілікке арналған мол дастарқанның қандай қажеттілігі бар? Жоқ, әлде марқұмға жазылатын сауап пен оның қадір-қасиеті жайылған дастарқанның көптігімен, жұмсалған қаражаттың көлемімен өлшене ме?!

Өлім-жітім шығынын азайту туралы сөз қозғалғанда «Ата-баба дәстүрін ұмытамыз ба?», «Марқұмының өз тапқанын өзінен аяймыз ба?» деген пікір де айтылады. Үнемшілдік пен дәстүрге құрмет бір-біріне қарсы ұғымдар емес. Керісінше, шамадан тыс шығыннан бас тарту – қаралы отбасының жағдайын ойлау, тірілерге жасалған жанашырлықтың көрінісі. Сондықтан ең маңызды қадам – қоғамдағы түсінікті өзгерту. Ақсақалдар алқасы, ардагерлер ұйымдары, мешіттер мен жергілікті қауымдастықтар өлім-жітім кезіндегі ысырапты азайту жөнінде ортақ ұстаным қалыптастырып, жұртқа үгіт-насихат жасауы керек. Ас дастарқанына да ортақ тәртіп керек. Мешіт асханалары да ас-шырақ дастарқанның ас мәзірін ықшамдап, әр орынның бағасын төмендеткені дұрыс деп санаймыз.

Өлім – өмірдің ажырамас бөлігі. Ал жақынынан айырылған жанның қайғысын жеңілдету – қоғамның адамгершілік деңгейін көрсететін өлшемнің бірі. Сондықтан өлім-жітімдегі ысырапшылдықты тек қаржы мәселесі ретінде қарастыру жеткіліксіз. Бұл – дәстүрдің мәнін түсіну, қоғамдық пікірдің қысымынан арылу және адамға деген құрметті қайта пайымдау деген сөз. Біз дәстүрді бұзбай, өлініе де құрметтейміз деп жүріп, оның артында қалған ұрпағын қарызға батуына себепкер болмауымыз керек. Қайтыс болған адамның жақсы атын сақтау үшін қымбат ас беру міндетті емес. Кейде бір ауыз жұбату сөзі, қиын сәтте көрсетілген көмек пен шынайы көңіл кез келген мол дастарқаннан қымбат.



көрісу үшін жасалатын «мубах» (рұқсат етілген) жоралғылардың қатарына жатқызады. Ас беру шариғатымыздың міндетті түрде атқарылуы тиіс парыз амалдарына жатпайды» деген сөзді де молдаларымыз үнемі айтып келеді. Алайда кейінгі кезде кейбір өңірлерде жаназа, жерлеу, ас беру дәстүрлері шектен тыс шығынға ұласып, қайғы үстіндегі отбасыларға қосымша қаржылай салмақ түсіретін болжаусыз шығынға айналды. «Жұрттан ұят болмасын» деген түсінікпен адамдар шама-шарқына қарамай кредит алса да, қарызға батса да, әйтеуір бір мол дастарқан жайып ас беру әдет болып кеткен. Бұл – ойланатын мәселе.

Жалпы мұсылмандарда «Қаралы үйден түтін шықпасын», «Қазалы үйде үш күнге дейін қазан асылмасын» деген ұғым бар. Шаңырағында кісі қайтыс болып, аза тұтып, қара жамылған үйге көршілері, туыстары тамақ әкелуі – сүннет. Сахаба Жағфар опат болғанда, Алла елшісі (с. ғ. с.) өзінің отбасына барып: «Жағфар әулеті мәйіттерінің ісімен әуре болуда, сондықтан оларға тамақ әзірлендер» деген екен. Туысқан ұлттардың көбі осы дәстүрді ұстанады. Ал біздің қазақта керісінше, мәйітті жатқызып қойып, кісі күтудің міндеттер жүктеледі. Жерлеу рәсіміне қанша адам шақыру керек, дастарқанға не қойылады, асқа қандай мал сойылады, қонақтарға не таратылады деген мәселелер алдыңғы орынға шығып кетеді. Өйткені «ел не дейді?», «ағайыннан ұят болады», «пәленшенің асы осындай болған еді» деген қоғамдық қысым күшті. Орын бойынша ақы төлейтін Қазақстанда қазір 5000 теңгелік орын оңай табылмайды. Астана сияқты ірі қалаларда ең төменгі баға 7000 теңгеден басталып, 20 мың теңгеден асады. Сары май, бәліш, жеміс-жидек сияқты тағамдардың бәрін қойған соң, әрине, орынның да құны өседі (сол бәлішті аста жеп жатқан ешкім жоқ, көбі көрініске тұрады да, әйелдердің қоржынында кетеді). Оның үстіне, қазақтың мал соймай, астау-астау ет тартпай ас өткізбейтін әдеті тағы бар. Өзге ұлттар сияқты бір қазан палау басып, ас беру үлкен ұят сияқты саналады. «Марқұмның өз тапқанын өзінен аяған ба? Мынасы несі?!» деп жұрт та жиырыла қарайды. Ендеше еттің бағасын қосқанда ең арзан деген орынның құнының өзі 10 мың теңгеден (7000 теңгелік орынды алып айтсақ) асып түседі. Ал көңіл айтуға келгендердің бәрі 10 мың теңгеден бата жаздыра бермейді,

> Өлім – өмірдің ажырамас бөлігі. Ал жақынынан айырылған жанның қайғысын жеңілдету – қоғамның адамгершілік деңгейін көрсететін өлшемнің бірі. Сондықтан өлім-жітімдегі ысырапшылдықты тек қаржы мәселесі ретінде қарастыру жеткіліксіз. Бұл – дәстүрдің мәнін түсіну, қоғамдық пікірдің қысымынан арылу және адамға деген құрметті қайта пайымдау деген сөз

СУРЕТСӨЗ



ӨЗАҒАҢНЫҢ ҚАЙШЫСЫ

(Жақсыдан қалған жәдігер)

Кере қарыс қара қайшы... Өзағаңның дәу ЦК-дағы дәу үстелінің үстінде жататын көрінеді. Немесе сол үстелдің тартпасында тұрады. Өзағаң оны қолына алды дегенше,.. бітті бар қағаздың шаруасы. Қияды, қырқады, күзейді. Қиғаш кетіп бара жатқан қиямпұрыстау құжатты қия бастырмайды. Аңызға айналған абыздың бір тәлімі осы...

Бұл қайшы Өзекеңмен бірге талай естеліктің кейіпкері болды. Әдебиеттанудың білгірі, әйдік ғалым, академик Сейіт Қасқабасов та қара қайшыны еске алғанда еріксіз езу тартады...

Өмір бойы ғылыммен айналысқан Сейіт ағамыз күндердің күнінде Орталық Комитетке жұмысқа келемін деп ойламапты. Секең мен Цекаң бір-бірінe үйлеспейтін екі түрлі нәрсе сияқты еді. Мемлекеттік қызметке Өзбекәлі Жәнібеков шақырды. Қарамағындағы қызметкерлеріне талабы өте қатал болды. Өзін де, өзгені де аяған жоқ. Жазған-сызғаныңды міндетті түрде күзеп-түзеп, өз байламын айтатын. Қолынан ұзын қайшысы түспейтін. Кесетін, өндейтін, жөндейтін. Алдына құжат апарып отырғанда Өзекең үстелінің тартпасынан жалаңдатып қайшысын шығарғанда қызметкерлердің жүректері су ете қалатын. Осының өзінен жеткілікті тәлім алды. Сол қайшы көп нәрсеге үйретті.

Сөйтіп, оны Өзағаңның қос қарыс қайшысы тек қағаз-пағаздың артық-ауыс тұсын ғана емес, өмір тәжірибесінде байқалған қажетсіздеу нәрселерді де қырқып-қырнай түсуге баулыды. Сондықтан Секең осы ағасын ойға алса, есіне оның ұзын қайшысы қоса түседі...

Міне, көрдіңіз бе, қайшылау мен қамшылау адамның болмыс-бітіміне қалай әсер еткен?! Ал Өзағаң қайшысының қайырын көргендер қаншама?!

Осыдан он шақты жыл бұрын Алматыдағы ұлттық музейдің әлеуметтік желідегі парақшасында Өзағаңның кере қарыс қайшысының суретімен бірге мынадай хабарлама жарияланды: «Мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков алдына келген құжаттарда қате кетсе, дәл осы қайшымен ортасынан қақ бөледі екен. Тау тұлғаның бұл мінезі «Өз қатеңді өзің тап!» деген қатаң ескертуі ме, әлде «Екі сөздің басын қоса алмасаң..!» деп жазалауы ма? Қай жағынан алсақ та, мықты талап қой. Әр ісің қайшымен қиылып түспеуі үшін, не нәрсені де сапалы жасауға тырысатының анық. Аңызға айналған бұл қайшыны Ұлттық музейдің қорына 2015 жылы Ө.Жәнібековтың немересі Әзел Бауыржанқызы Жәнібек тапсырған». Бір кезде «Рухы шат болсын ардақты ағамыздың! Қайраткердің қайшысы қазір қай музейде тұр екен?!», – деп жазғанбыз. Енді бұл мәселенің де басы ашылды.

Ал мынау – сол қайшыны қолға алып, үнемі кемшілік атаулыны турап тастауға ұмтылған әйгілі Өзағаң. Бірақ ол фототілші Шүкір Шахайдың нысанасына қолында қайшысы жоқ кезде ілігіпті...

Бауыржан ОМАРҰЛЫ

№131 (5029) 05/11/2026 Бейсенбі





ЕЛОРДА – СПОРТ ҚАЛАСЫ

Астанамыз Қазақстанның жетекші спорт орталықтарының бірі ретіндегі орнын жүйелі түрде нығайтып келеді. Бүгінде бас қаланың 600 мыңнан астам тұрғыны, яғни халықтың 43,6 пайызы дене шынықтырумен және спортпен тұрақты түрде айналысады. Сондай-ақ 800-ден астам спорт нысаны, оның ішінде 36 ірі спорт кешені жұмыс істейді.

Шапағат ӘБДІР

ХАЛЫҚҚА – ТЕГІН ЖОБАЛАР

Биыл жазғы маусымда елордада бес негізгі тегін әлеуметтік спорт жобасы қатар жүзеге асты. Оларға жалпы саны шамамен 45 мың адам қатысты.

– Ең ауқымды бастама – «Өзіңнен баста!» жобасы. Үш ай бойы Триатлон саябағы мен Ботаникалық бақта тегін жаттығулар өтті. Оған 13,5 мыңға жуық адам қатысты. Дене белсенділігімен қатар, салауатты өмір салтын насихаттауға, зиянды әдеттердің алдын алуға және жастарды спортқа тартуға ерекше назар аударылды. Сұранысқа ие тағы бір бағыт – Aula Fit жобасы. Оның жыл сайынғы жазғы маусымы 15 маусымда басталып, елорданың алты ауданындағы 30 аула алаңын қамтыды. Тегін сабақтарға балаларды, жастарды және аға буын өкілдерін қоса алғанда, 6,8 мыңға жуық тұрғын қатысты. Ашық аспан астындағы жаттығулар да үлкен қызығушылық тудырды. Йога сабақтарына шамамен 11,6 мың, ал скандинавия жүрісіне 7,6 мыңға жуық адам қатысты. Орталық саябақ пен Ботаникалық бақта іске асқан Street Workout (Workout City) жобасы 5,5 мыңға жуық қатысушыны біріктірді, – дейді Астана қаласы Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Василий Левит.

Оның айтуынша, жобалар аясында нашақорлықтың, лудоманияның, буллингтің, интернет-алаяқтықтың алдын алу және кәмелетке толмағандардың құқығын қорғау бағытында түсіндіру жұмысы жүргізіледі. «Заң мен тәртіп» және «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамалары аясында іс-шаралар ұйымдастырылады.

– 2026 жылы Астанада 1208 бұқаралық-спорттық іс-шара жоспарланған. Оның ішінде 61 халықаралық, 299 республикалық және 848 қалалық іс-шара бар. Биылғы тоғыз айдың қорытындысы бойынша елордада 516 бұқаралық-спорттық іс-шара өтті. Оның 66-сы – халықаралық, 86-сы – республикалық және 364-і – қалалық деңгейде. Төртінші тоқсанда тағы 249 іс-шара, оның ішінде 17 халықаралық, 26 республикалық және 206 қалалық жарыс өткізу көзделген. Жылдық күнтізбе жоспарын орындау алдыңғы есептік кезеңдерде өтпеген іс-шараларды ескере отырып жалғасуда. Есепті кезеңде бұқаралық-спорттық іс-шаралардың жалпы қамту көрсеткіші 615995 адамды құрады. Оның 161111-і іс-шараларға тікелей қатысса, 454884 адам көрермен ретінде тамашалады, – дейді басқарма басшысы.

Бұқаралық жүгіру мен велоспортты дамытуға да ерекше көңіл бөлінеді. Есепті кезеңде Astana Half Marathon, Astana Run, Astana Duathlon, Taldau Run, Saryarka Run, Run for Autism, Night Run және өзге де қайырымдылық әрі тақырыптық жарыстарды қоса алғанда, 26-дан астам жүгіру жарысы мен марафон ұйымдастырылды.

Сонымен қатар Астанада 10 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі жұмыс істейді. Оларда 7 мыңнан астам бала мен жасөспірім жаттығады. Спорт мектептерінде 51 спорт түрі дамуда, оның 39-ы – олимпиадалық спорт түрлері. Тәрбиеленушілер гимнастика, футбол, жекпе-жек, су спорты, қысқы және жазғы, ұлттық және басқа да спорт түрлерімен айналыса алады.

Бас қалада Дене шынықтыру және спорт басқармасына қарасты спорт резерві мен жоғары деңгейдегі спортшыларды даярлайтын 19 ведомстволық бағыныстағы ұйым жұмыс істейді. Бұл ұйымдарда жаттығатын спортшылардың жалпы саны – шамамен 10 мың адам.

КӨРСЕТКІШТЕР ҚАНДАЙ?

800 СПОРТ НЫСАНЫ БАР

36 ІРІ СПОРТ КЕШЕНІ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

10 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі

7000 бала мен жасөспірім жаттығады

51 Оларда осынша спорт түрі дамуда

39 олимпиадалық спорт түрлері

1208 2026 жылы Астанада осынша бұқаралық-спорттық іс-шара жоспарланған

1472 Осы жылдың тоғыз айында елорда өкілдері жарысқа қатысқан

5696 медаль жеңіп алды



ТОҒЫЗ АЙДАҒЫ ТОПЫРЛАҒАН МЕДАЛЬ


Осы жылдың тоғыз айында елорда өкілдері 1472 жарысқа қатысып, 5696 медаль жеңіп алды. Оның 2149-ы – алтын, 1803-і – күміс және 1744-і – қола медаль. Елеулі жетістіктер бокс, спорттағы күрес, су добы, семсерлесу, стенд және нысанаға көздеп ату, жеңіл атлетика, байдарка мен каноэде есу, гимнастика, велоспорт, триатлон, самбо, таеквондо, шахмат, шорт-трек және басқа да спорт түрлерінде тіркелді. Азия және әлем чемпионаттарындағы нәтижелердің орны бөлек. 2026 жылы елордалық спортшылар 12 спорт түрінен 15 Азия чемпионатына қатысып, 23 медаль иеленді: 9 алтын, 8 күміс және 6 қола. Ал 11 спорт түрінен өткен 12 әлем чемпионатында Астана өкілдері тағы 23 жүлде жеңіп алды. Оның 10-ы – алтын, 8-і – күміс және 5-еуі – қола. Осылайша Азия және әлем чемпионаттарында елордалықтар жалпы 46 медальға қол жеткізді. Оның ішінде 19 алтын, 16 күміс және 11 қола бар. Параспорт өкілдері де айтарлықтай жетістіктер көрсетті. Астана құрамасының спортшылары тоғыз спорт түрінен тоғыз Азия чемпионатына қатысып, 32 медаль жеңіп алды: 16 алтын, 12 күміс және 4 қола. Бұдан бөлек, алты спорт түрінен өткен алты әлем чемпионатында елордалық параспортшылар 14 медаль иеленді. Оның 2-еуі – алтын, 6-уы – күміс және 6-уы – қола. Жалпы Азия және әлем чемпионаттарында параспорт өкілдері 46 медаль жеңіп алды: 18 алтын, 18 күміс және 10 қола.

XX ЖАЗҒЫ АЗИЯ ОЙЫНДАРЫНДА – 10 МЕДАЛЬ

Жылдың маңызды жетістігінің бірі – елорда өкілдерінің Жапонияда өткен XX жазғы Азия ойындарындағы өнері. Жарыс қорытындысында Астана спортшылары 10 медаль – 1 алтын, 3 күміс және 6 қола жүлде жеңіп алды. Елорда қоржынына басты жүлдені бокстан Қазақстан ұлттық құрамасының капитаны Айбек Оралбай салды. Ол 90 келіден жоғары салмақ дәрежесінде Азия ойындарының чемпионы атанды.

ПАРА ЖАРЫСТАҒЫ РЕКОРД

Параспорт өкілдері де зор табысқа жетті. Жапонияның Нагоя қаласында өткен V Азия Пара ойындарында Астананың атынан сегіз спорт түрі бойынша 24 спортшы өнер көрсетті. Жарыс қорытындысында елордалық спортшылар 6 медаль – 5 күміс және 1 қола жүлде жеңіп алды. Бұдан бөлек, ұлттық спорт түрлерін дамыту – жұмыстың маңызды бағытының бірі. 2026 жылғы 31 тамыз бен 6 қыркүйек аралығында Қырғыз Республикасында VI Дүниежүзілік көшпенділер ойындары өтті. Оған 113 елден үш мыңға жуық спортшы қатысты. Қазақстан атынан 152 спортшы өнер көрсетті. Жарыс қорытындысында ұлттық құрама жалпыкомандалық есепте бірінші орын алды. Құрама сапында жеті дисциплина бойынша Астананың 13 өкілі қатысты. Елордалық спортшылар тоғызқұмалақ, дәстүрлі садақ ату және омыртқа сындырудан командалық сайыста 1 алтын, 4 күміс және 3 қола медаль жеңіп алды. Сонымен қатар елордалық спортшылар төрт жылда бір рет өтетін есту қабілеті бұзылған спортшылар арасындағы Қазақстан Республикасының IV Спартакиадасында жоғары нәтижелерге қол жеткізді. Астана құрамасы сегіз спорт түрінде өнер көрсетіп, 155 ұпай жинап, жалпыкомандалық есепте үшінші орынға ие болды. Жарыс қорытындысында елордалық спортшылар жүзу мен таеквондодан командалық есепте бірінші, шахмат пен футболдан екінші, үстел теннисінен үшінші орын алды. Ал күзгі спорт маусымының ең ірі оқиғасының бірі – 15-17 қазанда «Барыс Арена-да» өткен World Aquatics Swimming World Cup Astana 2026 жүзуден әлем кубогының кезеңі. Оған әлемнің 39 елінен 300-ден астам спортшы қатысты. 17-18 қазанда «Qazaqstan» спорт кешенінде бес елден 400-ге жуық гимнаст қатысқан Alem Cup 2026 көркем гимнастикадан халықаралық турнирі өтті. Тағы бір маңызды оқиға – 24-25 қазанда елорданың Конгресс орталығында өткен Дүниежүзілік би спорты федерациясының (WDSF) әлем чемпионаты. Қазақстан алғаш рет қыздар арасындағы Youth Solo Latin санатындағы әлем біріншілігін қабылдады. Әлем чемпионы атағы үшін 15 елден 69 спортшы, оның ішінде Қазақстанның 34 өкілі бақ сынады. Халықаралық спорт күнтізбесінде 24 қазан мен 1 қараша аралығында «Барыс Аренада» өткен күрестен әлем чемпионаты ерекше орын алды.



Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс № 131
Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Райхан РАХМЕТОВА